

# **ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МАТЕМАТИКА САБАҒЫ: АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ**

**MODERN LESSON OF MATHEMATICS: THE USE  
OF INFORMATION - COMMUNICATION TECHNOLOGY**

**Шинтимирова А.К.**

*«№15 орта мектебі», Рудный қ., Казахстан*

Компьютер біздің өмірімізге әлдеқашан нығыздал енді. Жалпы білім беретін мектепті онсыз елестетуге болмайтындау уақыт туды. Компьютерлік технология мен мультимедиялық құралдардың жылдам дамуы мұғалімдердің осы мүмкіндіктерді сабактарында қолдануы талап етілуде. Ақпараттық технологиялар әртүрлі ақпарат көздеріне жол ашып, оқушылардың өздік жұмыстарының тиімділігін арттырады, оқушылар мен педагогтардың шығарма-шылышына жол ашады, оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іске асyруға мүмкіндік береді. Оку үдерісін үйымдастырудың ақпараттық технологиялар оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіртіп, оларды жоғары білімділік нәтижеге жеткізетін құралға айналады. Сонымен қатар осы мезетте оқушылардың шамадан тыс жүктелуін жою мақсаты қойылады. Осы мәселелердің барлығын іске асyру қазіргі заманғы білім беру технологияларын, соның ішінде ақпараттық технологияны белсенді түрде енгізгенде ғана мүмкін болады.

«Ақпараттық технологиялар» терминін электрондық құралдар арқылы ақпаратты жинақтап, өндеп, көрсету және қолдану деп түсіну керек.

Ақпараттық технологиялар құрамындағы компоненттермен және олар іске асyрылатын ортамен сипатталады:

- техникалық орта (негізгі мәселені шешу үшін қолданылатын техника түрі);
- бағдарламалық орта (бағдарламалық құралдар жиынтығы);
- пәндей орта (ғылымның, техниканың, білімнің тиянақты пәндей аймағының мазмұны);
- әдістемелік орта (нұсқаулар, қолдану реті, тиімділік бағасы және т.б.)

Оқытудың ақпараттық технологиялары – ол компьютердің көмегімен білім алушыға ақпаратты дайындау және беру үдерістері.

Сабак АКТ-ны қолданумен өту үшін не істеу керек?

**Біріншіден, құрал-сайман**, кем деңгендегі бір компьютер, оқытушының идеалды түрде автоматтандырылған жұмыс орны, бірнеше оқушы жұмыс орны, видеопроектор және интерактивті тақта.

**Екіншіден**, компьютерде жұмыс істеу дағдысы бар **мұғалім** мультимедиялық проектор ережелерімен және интерактивті тақтамен таныс болуы қажет.

**Үшіншіден, білім беру өнімдері бар цифрлық компакт-дискілер болуы қажет.**

Тәжірибе көрсеткендей, компьютерлік жүйе қолданылатын сабактар мұғалімнің орнын баспайды, керісінше, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты неғұрлым мазмұнды, жеке тұлғалы және әрекетті етеді. ЭЕМ-ды математика сабактарында қолдану уақытты үнемдейді, оқушылардың түрткісін (мотивациясын) және оку-танымдық үдерістің тиімділігін арттырады.

Мұғалім – сабактағы негізгі әрекетті тұлға. Сондықтан компьютер мен мультимедиа-лық құралдарды оқытудың тек инструменті (құрал-сайманы) ретінде карастыру керек. Бұл инструменттің көмегі өте мәнді.

Сабактың параметрі	АКТ-ны қолданатын сабак	Дәстүрлі сабак
ақпаратты беру	оқушылар ақпаратты неғұрлым қаныққан, көрнекі түрде алады	мұғалімнің түсіндіруі, окулық бойынша параграфты өз беттегімен окуы, кестелерді қолдануы

жұмыс қарқыны	әр оқушы өз қарқынымен жұмыс істейді, тапсырмалар мен мультимедиялық құралдар білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, олардың сол уақыттағы білім мен дағды деңгейлерін есепке алады	мұғалім сыныптағы оқушылардың көпшілігіне сәйкес келетін жұмыс қарқының қолданады
оқушымен кері байланыс	түсіндіру кезінде, бекіту кезінде іске асады.	ағымдық бақылау

Галымдардың зерттеуіне сүйене отырып, компьютерлік бағдарламалардың қолданылуының үш негізгі формасын бөліп алуға болады:

- 1) компьютерлік қолдаумен жүретін сабактар;
- 2) оқушылардың бағдарламамен өздік жұмысы;
- 3) қашықтан оқыту (мұғалім мен оқушының компьютерлік торап арқылы өзара іс-әрекеті).

АКТ-ны қолдану сабактарында, басқа сабактардағы сияқты, мұғалімге келесі мәселелерді шешуге тұра келеді:

- ✓ **дидактикалық** (сабактың оқу материалын дайындау, компьютерлік бағдарламаны талдау);
- ✓ **әдістемелік** (тақырыпты беруде АКТ-ны қолдану әдістерін анықтау, сабактың нәтижесін талдау, келесі оқу мақсатын қою);
- ✓ **ұйымдастыруышлық** (оқушының шамадан тыс жүктелуін және уақытты тиімсіз өткізуі болдырмайтындағы етіп жұмысты ұйымдастыру);
- ✓ **оқыту** (қарастырылған тақырып бойынша оқушылардың білімдерін және ұсынылған бағдарлама бойынша біліктірі мен дағдыларын нығайту және бекіту).

Осы көрсетілген мәселелерден компьютерлік бағдарламаны қолдану сабактарын дайындау әдістемесі мынадай кезеңдерден тұратынын айтуда болады:

- мұғалімнің міндеттерді қоюы (конкретті сынып бойынша берілгендерді талдау, тұтас сыныппен және жеке оқушылармен жұмыс формалары мен әдістерін айқындау);
- компьютерлік бағдарламаның әзірлемесін дайындау бойынша немесе дайын білімдік цифрлық ресурсты пайдалануы бойынша мұғалімнің өздік жұмысы;
- дайындалған бағдарламаны сабактың әр түрлі кезеңдерінде пайдалану;
- тестілеу қабыршағы көмегімен тесттік бақылау жүргізу (тақырыптық, аралық, сабак қорытындысы бойынша);
- оқушылардың сабактан тыс уақыттағы өздік жұмыстары үшін бағдарлама енгізу;
- осы сыныптағы келесі сабактың мазмұнына түзету енгізу мақсатында сабакты талдау, мысалы, не игерілмегенін, оған кейін қайта оралу қажеттігін анықтау.

АКТ-ны математика сабактарында қолдану көрнекіліктің және жұмыстың тез орындалуы (жазбаша жұмыстың болмауы) арқасында материалды игеруге уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Интерактивті режимде оқушылардың білімдерін тексеру оқытуудың тиімділігін арттырып, тұлғаның барлық потенциалын, танымдық, моральды-адамгершілік, шығармашылық, коммуникативтілік және эстетикалық мүмкіндіктерін іске асыруға көмектеседі, оқушылардың зияткерлігін, ақпараттық мәдениетін дамытуға әсер етеді

Оқу үрдісінде электрондық оқыту бағдарламаларын дәстүрлі оқыту әдістерді педагогикалық инновациялармен ұштастыру арқылы жүйелі түрде қолдану дайындық деңгейлері әртүрлі балаларды оқытуудың тиімділігін біршама көтереді.

Алгебра, геометрия, математика сабактарын цифрлы білімдік ресурстарын қолданып өткізуідің мынадай әдістері болуы мүмкін.

### **Жаңа материалды игеру**

#### **1. Сыныппен фронтальды жұмыс.**

Мұғалім графиктерді, суреттерді, алгоритмдерді көрсету үшін интерактивті тақтаны немесе мультимедиялық презентацияны қолдана отырып, материалды түсіндіреді. Мұндай презентацияларға, әсіресе, геометрия сабактарында стереометриялық есептерді шешуде ешнэрсе

тең келмейді, кез келген геометриялық фигураны интерактивті тақта көмегімен бұруға, қосымша салу жұмыстарын жүргізуге, оны толық көлемді түрде көрсетуге, жазықтықта чертеж салуға, салу есебінің шешуін көрсетуге болады. Алгебрада «Функциялардың графтері» тақырыптарын түсіндіргенде көрнекі түрде графтердің абсцисса осі бойымен немесе ордината осі бойымен жылжуын көрсетуге болады. Төменгі сыныптарда анимация көмегімен есепте берілген ситуацияны көрнекі түрде модельдеп көрсетуге болады, т.с.с.

## **2. Электронды баспамен** оқушының өздік жұмысы.

Оқушы мұғалімнен мыналарды алады:

- 1) жаңа материалды игеру жоспарын;
- 2) аралық бақылау сұрақтарын;
- 3) толтыру үшін тақырыпты игеру шаблонын алады.

Оқушы электронды баспамен өз бетінше жұмыс істейді.

### **Тақырып бойынша оқу дағдысын игеру**

#### **1. Фронталды сұрақ-жауап.**

Мұғалім оқу материалының презентациясы бар проекторды дыбыссыз қолданады, оқушы оны дыбыстайды.

#### **2. Оқушының өздік жұмысы.**

Оқушы алгебра, геометрия, математика бойынша тренажерлармен және оқыту бағдарламаларымен өз бетінше жұмыс істейді. Оқыту бағдарламалары (жаттықтыруши) әрбір оқушының материалды толық қабылдаудың қамтамасыз етеді, себебі әрқайсысы өз қарқынында (өте маңызды) өз бетімен оқу материалы бойынша жылжып отырады. Ағымдағы материалды игермей, келесіге көше алмайсың – компьютер мүмкіндік бермейді. Мұғалімнің оқушы жұмысын түзетуге, нашар оқушыларға көмектесуге мүмкіндігі болады. Оқушының осы арадағы іс-әрекеті :

- 1) өз бетінше немесе жұбымен компьютерде есепті шығарады;
- 2) сілтемені ағытып тастап, шешуді қайталайды;
- 3) дәл осындай есепті дәптерде шығарады және шешуін компьютердегі «шпаргалканы» ашу арқылы тексереді;
- 4) мұғалім ұсынған осындай тапсырманы баға алу үшін орындауды немесе осындай есепті өзі құрастырып, оны баға алу үшін шептеді.

#### **3. Практикум сабактары.**

1) оқушылар өтіліп жатқан тақырып бойынша 3 блокпен құрастырылған (әрқайсысында 4-5 сұрақ бар) тапсырманы немесе есептерді әр деңгейге («3», «4», «5»-тік бағаларға) алады.

2) оқушылар деңгейлік тапсырмаларды таңдап алады да 30 мин дайындалады, көмек ретінде электрондық құралдарды пайдалануға болады, сонымен қатар бірлесіп шешу үшін жұптарға немесе топтарға бірігүе болады;

3) қалған уақытта мұғалім таңдаған бағасы бойынша әрбір оқушыға 1-2 тапсырма береді;

- 4) оқушы шешу жолын көрсетіп, бағасын алады.

#### **Оқушының өз бетімен жұмысы**

**1. Білімді цифрлық ресурстармен** білімдегі олқылықты жою бойынша жұмыс (мыс. денсаулығына байланысты сабак қалдырғаннан кейін). Бұл жағдайда оқытуышыдан оқушының электрондық ресурспен және оқулықпен жұмысының жоспарын құру талап етіледі.

**2. Цифрлы білімдік ресурсты** қолдану арқылы бақылау шараларына дайындық үшін оқушылардың өз беттерімен үйде жұмыс істеуі.

**3. Жобалар арқылы** оқушылардың жұмыс істеуі (дайындалап, әзірлеп, қорғайды).

#### **Білімді бақылау**

Компьютерлік тестілер қолдану арқылы білімдерін тексеру (компьютер тапсырманың орындалу пайызын, қателерді және бағаларды көрсетеді). Интернеттегі әр түрлі тестілерді қолдануға болады.

Осы айтылғандардан математика сабактарында компьютерді қолдану кезінде қутілетін нәтижелерді тұжырымдауға болады:

- математика мен информатиканың пәнаралық байланысын дамыту;
- компьютерлік сауатталықты қалыптастыру;
- оқушылардың сабактағы өздік жұмыстарын дамыту;
- оқушылардың ақпараттық мәдениетін, іс-әрекетінің шығармашылық стилін қалыптастыру;
- білім алуда ақпараттық технологияларды және басқа да ақпараттық құрылымдарды қолдануға оқушылардың дайындығы;
- жеке және тұлғалық-бағдарлы ынғайды іске асыру.

Сабактың тиімділігі көпшілік жағдайда оқытудың техникалық құралдарын қолданудағы қауіпсіздікке және оптималды пайдалану тәртібіне тәуелді. Сондықтан техникалық құралдарды қолданудың ұзақтық мерзімін ескеріп отыру керек.

Ақпараттық технологиялар мен инновациялық педагогикалық әдістерді біріктіру білім беру сапасы мен тиімділігін арттырады, білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларының бірі болып саналатын білім беру жүйесінің білім алушылардың деңгейі мен даму ерекшеліктеріне сәйкестігін күштейтуге мүмкіндік береді.